

**«Нұрбанк» АҚ-ның «MONEY EXPERTS»
еншілес ұйымы» АҚ**

Қаржылық есептілік

*2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға
арналған*

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

МАЗМҰНЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ
ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ
МӘЛІМДЕМЕСІ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есеп.....	1
Қаржылық жағдай туралы есеп.....	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп.....	3
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	4
Қаржылық есептілікке ескертпелер.....	5-29

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Басшылық «Нұрбанк» АҚ-ның «Money Experts» еншілес ұйымы» АҚ (бұдан әрі – Компания) 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жылдағы қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және капиталдағы өзгерістерді дұрыс көрсететін қаржылық есептілікті дайындау үшін, сондай-ақ Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ХБЕСК») шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес есеп саясатының негізгі қағидаттарын және қаржылық есептілікке өзге де ескертпелерді ашу үшін жауап береді.

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық мыналар үшін жауапты болады:

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын таңдау және оларды дәйекті түрде қолдану;
- ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді осындай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салыстырмалығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсыну;
- негізді, мақсатқа сай бағалаулар мен жорамалдарды қолдану;
- ХҚЕС талаптарын орындау қаржылық есептілікті пайдаланушылардың қандай да бір мәмілелер, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Компанияның қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне тигізетін әсерін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу; және
- Компанияның таяу болашақта үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау.

Басшылық сонымен қатар мыналар үшін жауапты болады:

- ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- кез келген сәтте Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдік дәрежесімен дайындауға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізу;
- Компанияның активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өз құзыреті шегінде шаралар қабылдау;
- жосықсыз іс-әрекеттер және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау.

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілікті шығаруға Компания басшылығы 2026 жылдың 6 наурызында бекітті:

Басқарма Төрайымы

Ләззат Шайхиева

Бас бухгалтер

Берик Оразбаев

2026 жылдың 6 наурызы
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Grant Thornton ЖШС

Әл-Фараби даңғ., 15,
21В т.е. ү-ж.
«Нұрлы тау» БО, 4В
2103-кеңсе,
Алматы қ.
050059/A15E2P5

Тел. +7(727) 311 13 40

almaty@kz.gt.com
www.granthornton.kz

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«Нұрбанк» АҚ-ның «Money Experts» еншілес ұйымы» АҚ Акционеріне және Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы туралы есептен, пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жылдағы капиталдағы өзгерістер және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясаты туралы маңызды ақпаратты қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын «Нұрбанк» АҚ-ның «Money Experts» еншілес ұйымы» АҚ (бұдан әрі – Компания) қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілетін қаржылық есептілік Компанияның 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жылдағы оның қаржылық нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ХБЕСК») шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес барлық маңызды аспектілерінде дұрыс көрсетеді.

Пікір білдіру үшін негіздеме

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – «ХАС») сәйкес жүргіздік. Біздің аталған стандарттарға сәйкес жауапкершілігіміз бұдан әрі қорытындымыздың «Аудитордың қаржылық есептілік аудитке жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігі аудитіне қолданылатын Бухгалтерлерге арналған әдептің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне (бұдан әрі – «БӘХСК кодексі») және Қазақстан Республикасында жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігі аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес, Компанияға қатысты тәуелді емеспіз. Біз сондай-ақ осы талаптарға және БӘХСК кодексіне сәйкес өзіміздің өзге де әдептік міндеттерімізді орындадық. Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікір білдіруіміз үшін негіздеме болуға жеткілікті және тиісті болып табылады деп ойлаймыз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл, біздің кәсіби пайымдауымыз бойынша, ағымдағы кезеңдегі біздің қаржылық есептілікке аудитіміз үшін ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер жалпы біздің қаржылық есептілікке аудитіміздің мәнмәтінінде және бұл есептілік туралы біздің пікірімізді қалыптастыру кезінде қаралған, сондықтан бұл мәселелер жөнінде біз жеке пікір білдірмейміз.

© 2026 Grant Thornton. Барлық құқықтар қорғалған.

«Grant Thornton» ЖШС – Grant Thornton International мүшесі.

Grant Thornton International және ұйымға мүше фирмалар халықаралық серіктестік емес.

Grant Thornton International әрбір мүше фирмасы жеке тәуелсіз фирма болып табылады және қызметтерді дербес көрсетеді.

Неге біз мәселені аудит үшін басты деп санаймыз?

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны (бұдан әрі – «ӨЖКӘҚ») бойынша бағаланатын қаржы активтері

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтерінің құны 1,501,293 мың теңге (2024 жылғы 31 желтоқсан: 1,520,998 мың теңге) құрады.

ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтерін қатысты өтеу күні, қалдық құны, дефолт ықтималдығын (PD), дефолт кезіндегі ысыраптар деңгейін (LGD) бағалау үшін дәл емес немесе толық емес бастапқы жорамалдар сияқты активтер бойынша дұрыс емес деректерді, сонымен қатар әділ құнды дұрыс емес есептеуді қоса алғанда, пайдаланылатын бастапқы ақпаратта бірқатар қателер тәуекелі бар.

Қаржылық есептілікке 11-қосымшада жалпы теңгерімдік құнды, активтер бойынша қозғалысты және ККШ бойынша тиісті резервтерді ашу ұсынылған.

Компания басшылығы пайдаланатын пайымдаулардың маңыздылығы мен өзіндіктігі себебінен, сондай-ақ әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің көлеміне және елеулі пайымдауды қажет ететін бағалаулардың жоғары белгісіздік дәрежесіне байланысты біз бұл мәселені аудитте басты деп айқындадық.

Аудит шеңберінде не істелді?

Біз ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтеріне жататын процестер мен бақылау рәсімдері туралы түсінік алдық.

Біз ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтеріне резервтерді есепке алу әдіснамасының негізділігін және оның ХҚЕС (IFRS) 9 стандартына сәйкестігін бағаладық.

Біз PD және LGD бағалау үлгілерінде пайдаланылатын бастапқы деректер мен негізгі жорамалдар келтірілген кредиттік шығындар туралы тарихи деректерді ескеретінін тексердік.

Қаржы активтері бойынша біз бастапқы деректердің дәлдігі мен толықтығының расталуын алдық, пайыздық кірістерді қайта есептеуді жүргіздік, Қазақстан қор биржасынан алынған баға белгілеулер негізінде қаржы активтерінің әділ құнын есептеуді тексердік.

Біз қаржылық есептілікте ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтері туралы ақпаратты ХҚЕС талаптарына сәйкес ашудың барабарлығы мен толықтығын бағаладық.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға, қаржылық есептілікке жауап беретін тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық аталған қаржылық есептілікті ХБЕСК шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есебінің стандарттарына сәйкес дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтары жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашып көрсетуге және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниетті болған немесе оның тарату немесе қызметті тоқтатудан басқа қандай да бір өзге дұрыс баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметінің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті құрастыруға жауапты болады.

«Нұрбанк» АҚ-ның «Money Experts» еншілес ұйымы» АҚ корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін даярлауды қадағалауға жауапты болады.

Қаржылық есептілік аудитіне аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз - қаржылық есептілік тұтастай алғанда жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтардан таза екендігіне ақылға қонымды сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік дегеніміз сенімділіктің жоғары деңгейін білдіреді, бірақ, ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулар болған жағдайда, әрқашан оларды анықтаудың кепілдігі болмайды. Бұрмалаулар жосықсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан болуы мүмкін және олар жеке-жеке немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін екенін негізді түрде болжауға болса, маңызды болып саналады.

ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз тұтас аудит бойында кәсіби пайымдауды қолданамыз және кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Бұдан басқа, біз мыналарды орындаймыз:

- Жосықсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге қарсы аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болып қызмет ету үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Жосықсыз іс-әрекеттер нәтижесіндегі маңызды бұрмалауларды анықтамау тәуекелі қатенің нәтижесіндегі маңызды бұрмалауларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені, жосықсыз іс-әрекеттер келісім, жалғандық, қасақана қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтетін іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін.
- Мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, аудит үшін мәні бар ішкі бақылау жүйесі ұғымын аламыз.
- Қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау пайымдаулардың мәндерінің негізділігін, ақпараттың тиісті ашып көрсетілуін бағалаймыз.
- Қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды басшылықтың қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне маңызды күмәндану пайда болуы мүмкін оқиғалар мен жағдайларға байланысты маңызды белгісіздік бар ма, сол туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз маңызды белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті ашып көрсетуге назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпаратты ашып көрсету тиісті емес болып табылса, пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, алдағы оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соғуы мүмкін.
- Ақпаратты ашып көрсетуді қоса алғанда, жалпы қаржылық есептілікті, оның құрылымы мен мазмұнын ұсынуға, сондай-ақ қаржылық есептілік өзінің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз етерліктей ұсынады ма, соған бағалау жүргіземіз.

© 2026 Grant Thornton. Барлық құқықтар қорғалған.

«Grant Thornton» ЖШС – Grant Thornton International мүшесі.

Grant Thornton International және ұйымға мүше фирмалар халықаралық серіктестік емес.

Grant Thornton International әрбір мүше фирмасы жеке тәуелсіз фирма болып табылады және қызметтерді дербес көрсетеді.

Қаржылық есептілік аудитіне аудитордың жауапкершілігі (жалғасы)

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалармен, олардың назарына өзге мәліметтерден басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудиттің нәтижесі бойынша маңызды ескертулер туралы, соның ішінде біз «Нұрбанк» АҚ-ның «Money Experts» еншілес ұйымы» АҚ аудиті процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, өзара ақпараттық іс-әрекетті жүзеге асырамыз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғаларға өзіміз тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті әдептік талаптарды сақтағанымыз және осы тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне негізделген түрде әсер ететін деп негізді түрде санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен басқа да мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда, қатерлерді жою үшін қабылданған іс-әрекеттер немесе қолданылған сақтық шаралары туралы хабарлағанымыз туралы мәлімдеме береміз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалардың назарына жеткізген мәселелердің ішінен 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болған және сондықтан аудиттің басты мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз осы мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған немесе аса сирек жағдайларда біз қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің қорытындымызда хабарланбауы тиіс деген тұжырымға келеміз, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудың елеулі пайдасынан асып түседі деп негізді болжауға болады.

Арман Чингильбаев

Аудит бойынша серіктес

Қазақстан Республикасының
білікті аудитору
2003 жылғы 20 желтоқсандағы №МФ-00000553
біліктілік куәлігі

Ержан Досымбеков

«Grant Thornton» ЖШС
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Ішкі мемлекеттік аудит комитеті берген Қазақстан
Республикасының аумағында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған 2018 жылғы
3 тамыздағы №18015053 мемлекеттік лицензия

2026 жылдың 6 наурызы
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен	Еск.	2025 жыл	2024 жыл
Комиссиялық кірістер	5	39,451	23,194
Комиссиялық шығыстар	5	(27,006)	(19,644)
Таза комиссиялық кіріс		12,445	3,550
Пайыздық кірістер	6	225,618	191,094
Пайыздық шығыстар		(2,233)	(583)
Таза пайыздық кіріс		223,385	190,511
Персоналға шығыстар	7	(147,574)	(128,408)
Әкімшілік шығыстар	8	(64,180)	(53,256)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны (ӨЖКӨҚ) бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтату нәтижесіндегі таза залал		(4,074)	(36)
Шетел валютасымен жасалатын операциялардан таза кіріс		126	316
Дивидендік кіріс		–	–
Өзге шығыстар		(1,016)	(2,550)
Корпоративтік табыс салығы дейінгі пайда		19,112	10,127
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс	9	(13,454)	(7)
Жыл ішіндегі пайда		5,658	10,120
Өзге жиынтық кіріс, табыс салығынан кейін			
ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар бойынша күтілетін кредиттік шығындарға бағалау резервінің өзгеру шамасы (салық әсері – нөл)		(318)	406
ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдардың істен шығуы нәтижесінде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген сома		4,074	36
ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдардың әділ құнының таза өзгеру шамасы		(12,903)	5,698
Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелетін баптар жиыны		(9,147)	6,140
ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдардың әділ құнының таза өзгеру шамасы		–	–
Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелмейтін баптар жиыны		–	–
Жыл ішіндегі өзге жиынтық (залал)/кіріс		(9,147)	6,140
Салықтарды шегергенде, жыл ішіндегі жиынтық (залал)/кіріс жиыны		(3,489)	16,260

5-29 беттердегі қоса беріліп отырған қосымшалар осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрайымы

Ләззат Шайхиева

Бас бухгалтер

Берик Оразбаев

2026 жылдың 6 наурызы
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Мың теңгемен	Еск.	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және оның баламалары	10	62,589	29,357
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	11	1,501,293	1,520,998
Алынатын комиссиялық сыйақы		1,624	3,131
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		–	137
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер		2,536	3,231
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		11,252	21,386
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша актив	9	982	1,091
Өзге активтер		11,447	10,792
Активтер жиыны		1,591,723	1,590,123
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Төленетін корпоративтік табыс салығы		13,208	–
Өзге міндеттемелер		11,213	9,898
Жалдау бойынша міндеттемелер		11,953	21,387
Міндеттемелер жиыны		36,374	31,285
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	12	715,000	715,000
Өзге резервтер	12	(23,055)	(13,908)
Бөлінбеген пайда		863,404	857,746
Капитал жиыны		1,555,349	1,558,838
Міндеттемелер мен капитал жиыны		1,591,723	1,590,123

5-29 беттердегі қоса беріліп отырған қосымшалар осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрайымы

Ләззат Шайхиева

Бас бухгалтер

Берик Оразбаев

2026 жылдың 6 наурызы
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Мың теңгемен	Еск.	2025 жыл	2024 жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Алынған комиссиялық кірістер		39,973	22,171
Төленген комиссиялық шығыстар		(38,610)	(31,386)
Алынған пайыздық кірістер		29,924	21,432
Персоналға төленген шығыстар		(119,929)	(103,999)
Өзге төленген әкімшілік шығыстар		(80,909)	(69,099)
Операциялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(169,551)	(160,791)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны (ӨЖКӘҚ) бойынша бағаланатын қаржы активтерін сату және өтеу	11	9,946,920	8,018,964
ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтерін сатып алу	11	(9,744,137)	(7,835,948)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		–	(927)
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		202,783	182,089
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы		33,232	21,298
1 қаңтардағы ақша қаражаты және оның баламалары	10	29,357	8,059
31 желтоқсандағы ақша қаражаты және оның баламалары	10	62,589	29,357

5-29 беттердегі қоса беріліп отырған қосымшалар осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрайымы

Ләззат Шайхиева

Бас бухгалтер

Берик Оразбаев

2026 жылдың 6 наурызы
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НҰРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен	Акциянерлік капитал	Өзге резервтер	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	715,000	(20,048)	847,626	1,542,578
Жыл ішіндегі пайда	–	–	10,120	10,120
Өзге жиынтық кіріс	–	6,140	–	6,140
<i>Жыл ішіндегі өзге жиынтық кіріс</i>	–	6,140	10,120	16,260
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	715,000	(13,908)	857,746	1,558,838
Жыл ішіндегі пайда	–	–	5,658	5,658
Өзге жиынтық залал	–	(9,147)	–	(9,147)
<i>Жыл ішіндегі өзге жиынтық залал</i>	–	(9,147)	5,658	(3,489)
2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	715,000	(23,055)	863,404	1,555,349

5-29 беттердегі қоса беріліп отырған қосымшалар осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрайымы

Ләззат Шайхиева

Бас бухгалтер

Берик Оразбаев

2026 жылдың 6 наурызы
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НҰРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Нұрбанк» АҚ-ның «Money Experts» еншілес ұйымы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында 2002 жылғы 21 наурызда құрылды. Компания бағалы қағаздар шығарумен айналысады, клиенттерге бағалы қағаздар шығару және андеррайтинг қызметтерін ұсынады, брокерлік қызметтер мен активтерді сенімгерлік басқару қызметтерін көрсетеді.

Компания өз қызметін мынадай лицензиялар негізінде жүзеге асырады:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі – «Агенттік») берген, номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға арналған 2007 жылғы 4 маусымдағы № 0401201611;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚРҰБ») берген, ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға арналған 2014 жылғы 1 шілдедегі № 0403200727. Бұл лицензияны Агенттік алғаш рет 2007 жылғы 4 маусымда берген.

Компанияның тіркелген мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А15K0K9, Алматы қ., Желтоқсан көш., 173.

2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жалғыз акционері – «Нұрбанк» АҚ (бұдан әрі – «Бас ұйым»). Соңғы бақылаушы тарап – Қазақстан Республикасының азаматы Э.Р. Сәрсенов мырза.

Қазақстан Республикасында қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Компания өз қызметін Қазақстан аумағында жүзеге асырады. Осының салдарынан Компания дамушы нарықтарға тән сипатты ерекшеліктерді көрсететін, Қазақстан нарықтарындағы экономикалық және қаржылық тәуекелдерге ұшырағыш. Нормативтік құқықтық база мен салық заңнамасы жетілдіруді жалғастыруда, бірақ әртүрлі түсіндіру мүмкіндігіне жол береді, құқықтық және фискалдық жүйелердің басқа кемшіліктерімен бірге Қазақстанда өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін қосымша қиындықтар туғызатын жиі енгізілетін өзгерістерге ұшырайды. Теңгенің әлемдік рыноктардағы мұнай бағасына және Қазақстанның негізгі экономикалық серіктестері болып табылатын шектес мемлекеттердің валюта бағамына тәуелді ұлттық валютасының құбылмалылығы шаруашылық қызметті жүргізу шарттарының біршама белгісіздігін туғызады.

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырудың қолданыстағы шарттарының Компания қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайына ықтимал әсеріне басшылықтың бағалауын көрсетеді. Қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарын одан әрі дамыту басшылықтың бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

ХҚЕС-ке сәйкестік туралы мәлімдеме

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ХҚЕСК») шығарған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Дайындау қағидаты

Қаржылық есептілік әділ құны бойынша ескерілетін өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, тарихи құны бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды (11-ескертпе).

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Компанияның функционалдық валютасы – қазақстандық теңге (бұдан әрі – «теңге»), ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Компания жүргізетін операциялардың көпшілігінің және олармен байланысты, олардың қызметіне әсер ететін мән-жайлардың экономикалық мәнін барынша жақсы көрсетеді.

Теңге сондай-ақ осы қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылады. Қаржылық есептіліктің барлық деректері тұтас мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектелген.

Компания қаржылық жағдай туралы есепті өтімділіктің кему тәртібімен береді. Қаржы активтері мен міндеттемелердің өтімділігін талдау 19-ескертпеде берілген.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Ағымдағы жылы қабылданған стандарттар мен түсіндірмелер

Қаржылық есептілікті жасау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген ХБЕС (IAS) 21 «Валюталарды айырбастау мүмкіндігінің болмауы» түзетулерін қабылдауды қоспағанда, 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы Компанияның қаржылық есептілігін жасау кезінде қолданылған ХБЕСК шығарған ХҚЕС қағидаттарына сәйкес келеді. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

ХБЕСК 2023 жылғы 20 тамызда ХБЕС (IAS) 21 «Валюталық бағамдардың өзгеруінің әсері» түзетулерін шығарды. Түзетулер «айырбасталатын валюта» анықтамасын енгізеді және мынадай түсініктемелерді енгізеді:

- бір валютаны басқа валютаға айырбастау мүмкіндігі ұйым аталған басқа валютаны белгілі бір уақыт шегінде, әдеттегі әкімшілік кідірісті ескере отырып, нарық немесе айырбастау операциясының нәтижесінде заңды қорғалған құқықтар мен міндеттер құрылатын валюта айырбастау тетігі арқылы ала алған кезде болады;
- ұйым бағалау күні және нақты мақсат үшін бір валютаны басқа валютаға айырбастау мүмкін бе, жоқ па, анықтайды. Егер бағалау күні нақты мақсат үшін ұйым басқа валютаның елеусіз сомасынан аспайтын соманы ала алатын болса, аталған басқа валютаға валюта айырбастау мүмкіндігі жоқ деп есептеледі;
- бірнеше айырбастау бағамы болған кезде стандарт нұсқаулары өзгерген жоқ, алайда бір валютаны екіншісіне уақытша айырбастау мүмкін болмаған кезде ұйым басқа валютаны ала алатын жағдайдағы бірінші кейінгі айырбастау бағамын қолдану туралы талаптың күші жойылды. Мұндай жағдайларда ұйымға есептеу жолымен ағымдағы айырбас бағамын айқындау қажет болады.

Бұдан басқа, түзетулермен ақпаратты ашуға қойылатын талаптар толықтырылды. Ұйым мынадай ақпаратты ашуы тиіс:

- кейбір валютаны басқа валютаға айырбастау мүмкіндігінің болмауының сипаты мен қаржылық салдары;
- пайдаланылатын ағымдағы айырбас бағамы (бағамдары);
- оны (оларды) есептік бағалау процесі; және
- осы валютаны басқа валютаға айырбастауға болмайтындықтан ұйым ұшырайтын тәуекелдер.

Түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, себебі Компания өз қызметін валюта айырбастау мүмкіндігі болмаған жағдайда жүзеге асырмайды.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС – шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген

Төменде шығарылған, бірақ Компанияның қаржылық есептілігін шығару күні әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер берледі. Компания осы стандарттарды, түзетулер мен түсініктемелерді, егер қолданылса, олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті.

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдық есепті кезеңге қатысты күшіне енбеген стандарттар	2026 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдерге қолданылады
- ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 стандарттарына түзетулер – «Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау туралы ережелерге түзетулер» - ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 стандарттарына түзетулер – «Табиғатқа тәуелді электр энергиясына байланысты шарттар» «ХҚЕС қаржылық есептілік стандарттарын жыл сайынғы жетілдіру – 11-том»: - ХБЕС (IAS) 7 түзетулері – «Бастапқы құн бойынша есепке алу»; - ХҚЕС (IFRS) 9 түзетулері – «Жалдау бойынша міндеттемелерді тануды тоқтату»; - ХҚЕС (IFRS) 10 түзетулері – «Де-факто» агентінің «анықтамасы»; - ХҚЕС (IFRS) 7 енгізу жөніндегі нұсқаулыққа түзетулер – «Мәміленің әділ құны мен бағасы арасындағы кейінге қалдырылған айырма туралы ақпаратты ашу»; - ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулері – «Тануды тоқтату кезіндегі пайда немесе залал»; - ХҚЕС (IFRS) 1 түзетулері – «ХҚЕС алғаш рет қолданатын ұйымның хеджирлеуін есепке алу»; - ХҚЕС (IFRS) 7 енгізу жөніндегі нұсқаулыққа түзетулер – «Кіріспе»; - ХҚЕС (IFRS) 7 енгізу жөніндегі нұсқаулыққа түзетулер – «Кредиттік тәуекел туралы ақпаратты ашу»; - ХҚЕС (IFRS) 9 түзетулері – «Мәміле бағасы». - ХҚЕС (IFRS) 18 «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және көрсетіп ашу» - ХҚЕС (IFRS) 19 «Жария есеп беру міндеттемесі жоқ еншілес ұйымдар: ақпаратты ашу»	2026 жылдың 1 қаңтары 2026 жылдың 1 қаңтары 2026 жылдың 1 қаңтары 2027 жылдың 1 қаңтары 2027 жылдың 1 қаңтары

Бұл түзетулер мен жаңа стандарттар, оған қатысты қазіргі уақытта Компания қаржылық есептілікке әсерін талдау процесінде тұрған ХҚЕС (IFRS) 18 қоспағанда, Компанияға елеулі әсер етпейді деп күтілуде.

ХБЕСК 2024 жылғы сәуірде ХҚЕС (IFRS) 18 жаңа стандартын шығарды, ол ХБЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» орнын басады. ХҚЕС (IFRS) 18 жаңа талаптарды белгілейді, олардың ең маңыздысы:

- қызмет түріне сәйкес келетін санаттар бойынша пайда немесе залал туралы есепте кірістер мен шығыстар баптарын жіктеу туралы: операциялық, инвестициялық, қаржылық. Ұйымдар сондай-ақ мынадай аралық қорытындыларды ұсынуға міндетті:
 - операциялық пайда немесе шығын;
 - қаржылық қызмет пен пайдаға салынатын салықты есепке алғанға дейінгі пайда немесе залал.
- оларды ең салыстырмалы қорытындылармен және пайда немесе залал туралы есептегі аралық қорытындылармен салыстырып тексеруді қоса алғанда, қаржылық есептілікте басшылық айқындаған тиімділік көрсеткіштері туралы ақпаратты көрсетіп ашу туралы.
- қаржылық есептіліктің негізгі нысандарында және ескертпелерде біріктірілген және біріктірілмеген ақпаратты ұсыну туралы.

Сондай-ақ ХҚЕС (IFRS) 18 ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке қатысты жекелеген өзгерістерді және кейбір басқа да өзгерістерді көздейді.

ХҚЕС (IFRS) 18 стандарты 2027 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерде қолдану үшін міндетті. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Егер ұйым ХҚЕС (IFRS) 18 мерзімінен бұрын қолдана, ол осы фактіні ашуға тиіс.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Әділ құнды бағалау

Компания өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша (бұдан әрі – «ӨЖКӨҚ») көрсетілетін қаржы құралдарын әрбір есепті күнгі әділ құны бойынша бағалайды.

Әділ құн активті сатқаны үшін алынатын немесе бағалау күні нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміле шеңберінде міндеттемені бергені үшін төленетін баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмаған жағдайда, осы актив немесе міндеттеме үшін ең қолайлы нарықта жасалады деп болжанады.

Компания негізгі немесе ең қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде нарыққа қатысушылар пайдалануы мүмкін жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің ең жақсы мүдделері үшін әрекет етеді деп болжанады. Қаржы емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті ең жақсы және ең тиімді түрде пайдаланудан немесе осы активті ең жақсы және ең тиімді түрде пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сатудан экономикалық пайданы тудыру мүмкіндігін ескереді.

Компания қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректерге қолжетімді бағалау әдістемелерін пайдаланады, бұл ретте орынды бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдаланады және бақыланбайтын деректерді ең аз түрде пайдаланады.

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер, тұтастай алғанда, әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде, төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленуі (қандай да бір түзетулерсіз).
- 2-деңгей – иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын, әділ құнды бағалауға арналған маңызды бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын бағалау үлгілері.
- 3-деңгей – иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын, әділ құнды бағалауға арналған маңызды бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау үлгілері.

Қаржылық есептілікте кезеңдік негізде танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында, Компания әрбір есепті кезеңнің соңында жіктемені (тұтастай алғанда, әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде) қайта талдай отырып, иерархия көздерінің деңгейлері арасындағы ауыстыру фактісін айқындайды.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы құралдары

Бастапқы тану

Танылған күні

Қаржы активтері мен міндеттемелерді стандартты талаптармен сатып алу немесе сату мәміле жасалған күні, яғни Компания активті немесе міндеттемені сатып алу бойынша өзіне міндеттеме алған күні көрсетіледі. Стандартты талаптармен сатып алуға немесе сатуға қаржы активтері мен міндеттемелерді шарт шеңберінде сатып алу немесе сату жатады, оның талаптары бойынша активтер мен міндеттемелерді нарықта қабылданған қағидаларда немесе келісімдерде белгіленген мерзім шегінде жеткізу талап етіледі.

Бастапқы бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарын жіктеу шарттық талаптарға және құралдарды басқару үшін пайдаланылатын бизнес-үлгілерге байланысты болады. Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер ПЗӨҚ бойынша бағаланатын жағдайлардан басқа, қаржы құралдары мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін бағалау санаттары

Компания өзінің барлық қаржы активтерін активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-үлгі және мыналар бойынша бағаланатын активтердің шарттық талаптары негізінде жіктейді:

- амортизацияланған құн;
- ӨЖКӨҚ (өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн);
- ПЗӨҚ (пайда немесе залал арқылы әділ құн).

Компания туынды құралдар мен саудаға арналған құралдарды ПЗӨҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Егер мұндай жіктеу бағалау немесе тану қағидаттарын қолданудың тиынақсыздығын жоюға немесе едәуір азайтуға мүмкіндік берсе, Компания өз қалауы бойынша қаржы құралдарын ПЗӨҚ бойынша бағаланатын деп жіктей алады.

Қаржылық міндеттемелер, егер олар саудаға арналған немесе туынды құралдар болса, амортизацияланған құны бойынша немесе ПЗӨҚ бойынша бағаланады не ұйымның қалауы бойынша әділ құны бойынша бағаланатын болып жіктеледі.

ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар

Егер келесі талаптардың екеуі де орындалса, Компания борышқорлық құралдарды ӨЖКӨҚ бойынша бағалайды:

- құрал мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алу жолымен де, қаржы активтерін сату жолымен де қол жеткізілетін бизнес-үлгі шеңберінде ұсталады;
- қаржы активінің шарттық талаптары SPPI тестінің критерийлерін сақтайды.

ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар кейіннен әділ құн бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі нәтижесінде туындайтын пайда немесе залалдар өзге жиынтық кірістің құрамында танылады. Пайыздық түсім және валюта бағамдарының өзгеруінен болатын пайда немесе залалдар амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері жағдайында сияқты пайда немесе залал құрамында танылады. Тану тоқтатылған кезде бұрын өзге жиынтық кірістің құрамында танылған жинақталған пайда немесе залал өзге жиынтық кірістің құрамынан пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы құралдары (жалғасы)

Бастапқы тану (жалғасы)

ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар (жалғасы)

ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар бойынша күтілетін кредиттік шығындар әділ құн бойынша бағалануы жалғасатын қаржылық жағдай туралы есептегі осы қаржы активтерінің теңгерімдік құнын төмендетпейді. Оның орнына активті амортизацияланған құны бойынша бағалау кезінде жасалуы мүмкін күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервіне тең сома құнсыздандудың жинақталған сомасы ретінде өзге жиынтық кірістің құрамында танылады. Өзге жиынтық кіріс құрамында танылған шығындардың жинақталған сомасы активті тану тоқтатылған кезде пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктеледі.

ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар

Кейде Компания үлестік құралдарға кейбір инвестицияларды бастапқы тану кезінде, егер олар ХБЕС (IAS) 32 «Қаржы құралдары: ұсыну» стандартына әйкес үлестік құралды айқындауға сай келсе және саудаға арналған болмаса, оларды ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар ретінде жіктеу туралы кейіннен оны жою құқығынсыз шешім қабылдайды. Мұндай жіктеу туралы шешім әрбір құрал бойынша жеке қабылданады.

Мұндай үлестік құралдар бойынша пайда немесе залал ешқашан пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелмейді. Компания осындай құралдың бастапқы құнының бір бөлігін өтеу ретінде осындай түсімдерден пайда алатын жағдайларды қоспағанда, дивидендтер алу құқығы белгіленген кезде дивидендтер пайда немесе залал құрамында өзге кіріс ретінде танылады. Мұндай жағдайда пайда өзге жиынтық кірістің құрамында танылады. ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар құнсыздану мәніне бағалауға жатпайды. Мұндай құралдар істен шыққан кезде қайта бағалау бойынша жинақталған резерв бөлінбеген пайданың құрамына көшіріледі.

Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражаты банк шоттарындағы ақша қаражатын және кассадағы ақшаны қамтиды. Есепті күннен кейін кемінде он екі ай ішінде айырбастау операцияларына немесе міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеулер белгіленген ақша қаражатының қалдықтары өзге ұзақ мерзімді активтердің құрамына енгізіледі.

Банктердегі шоттар мен депозиттер

Компания өзінің әдеттегі қызметі барысында басқа банктерге түрлі мерзімге қаражатты орналастырады және салымдар жасайды. Банктердегі өтеу мерзімі тиянақталған шоттар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, кейіннен амортизацияланған құн бойынша өлшенеді. Тиянақталған мөлшерлемелері жоқ шоттар күтілетін өтеу мерзімдері негізінде амортизацияланған құн бойынша ескеріледі. Банктердегі шоттар мен депозиттер, егер мұндай бар болса, күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті шегергенде есепке алынады.

Репо және кері репо мәмілелері

Кері сатып алу міндеттемесімен сату туралы келісімдер (репо мәмілесі) шеңберінде сатылған бағалы қағаздар бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген қаржыландыруды тарту бойынша операциялар ретінде көрсетіледі, бұл ретте бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілуін жалғастырады, ал контрагенттер алдындағы міндеттемелер репо мәмілелері бойынша кредиторлық берешектің құрамына енгізіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырма пайыздық шығысты білдіреді және тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдаланатын репо мәмілесінің қолданылу кезеңіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы құралдары (жалғасы)

Репо және кері репо мәмілелері (жалғасы)

Кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер (кері репо мәмілелері) шеңберінде сатып алынған бағалы қағаздар жағдайға байланысты ақша қаражатының және оның баламаларының, кредиттік ұйымдардағы қаражаттың немесе клиенттерге берілген кредиттердің құрамына енгізіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдаланатын репо мәмілесінің қолданылу кезеңіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржылық жағдай туралы есепте таза сальдоны ғана көрсете отырып, қаржы активтері мен міндеттемелерді өзара есепке алу өзара есепке алуды жүргізудің заңды бекітілген құқығы және міндеттемені реттеумен бір мезгілде активті сату ниеті болған кезде ғана жүзеге асырылады. Бұл, әдетте, өзара есепке алу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық сомада көрсетіледі.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активі (немесе, қолданылатын жерде, қаржы активінің бір бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі), қаржылық жағдай туралы есепте танылуды тоқтатылады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын тапсырса немесе алынған ақша ағындарын «транзиттік» келісім талаптарымен үшінші тарапқа елеулі кідіріссіз толық аудару міндеттемесін қабылдаған болса; сондай-ақ
- Компания не (а) активтен түсетін барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде берген, не (б) активтен түсетін барлық тәуекелдер мен пайданы бермеген, алайда өзінде сақтамаған, бірақ осы активке бақылауды берген болса.

Егер Компания өзінің активтен ақша ағындарын алу құқығын тапсырған болса, сонымен қатар онымен байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайдаларды бермесе де, өзінде сақтамаса да, сондай-ақ активке бақылауды бермесе де, мұндай актив Компанияның осы активке жалғасып отырған қатысуы шегінде есепте көрсетіледі. Тапсырылған актив бойынша кепілдік нысаны бар активке қатысуды жалғастыру активтің бастапқы теңгерімдік құнының ең аз мәні және Компанияға төлеуге ұсынылуы мүмкін өтемнің ең жоғары мөлшері бойынша бағаланады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемені тануды тоқтату тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі өткен жағдайда жүргізіледі.

Қазір бар бір қаржылық міндеттемені елеулі ерекше талаптармен сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемемен ауыстыру кезінде немесе қазір бар міндеттеменің талаптарына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда, бастапқы міндеттеме есептен шығарылады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе залал құрамындағы міндеттемелердің теңгерімдік құнындағы айырманы тану арқылы есепте көрсетіледі.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы құралдары (жалғасы)

Күтілетін кредиттік шығындар (бұдан әрі «ККШ»)

Егер бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік шығын едәуір ұлғайса, Компания бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға тең сомдағы амортизацияланған құны бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындарға бағалау резервін таниды. Компания өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активінің теңгерімдік құнын азайтпайды, бағалау резервін өзге жиынтық кіріс құрамында таниды.

Бастапқы танылған сәтінен бастап қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюының бар-жоғын айқындау кезінде Компания күтілетін кредиттік шығындар сомасының өзгеруіне емес, кредиттік құралдың қолданылу мерзімі ішінде дефолттың басталу тәуекелінің өзгеруіне бағдарланады. Егер шартта көзделген қаржы активі бойынша ақша ағындарының талаптары қайта қаралған немесе түрлендірілген болса және қаржы активін тану тоқтатылмаса, Компания салыстыру жолымен қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел едәуір өзгерді ме екенін бағалайды:

- есепті күнгі жағдай бойынша дефолттың басталу тәуекелін бағалау (түрлендірілген шарттық талаптар негізінде);
- бастапқы тану кезінде дефолттың туындау тәуекелін бағалау (бастапқы түрлендірілмеген шарттық талаптар негізінде).

Егер кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы болмаса, Компания 12 айлық күтілетін кредиттік шығындарға тең сомда қаржы активі бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервін таниды, оған мыналарды қоспағанда:

- 1) сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері;
- 2) сауда дебиторлық берешегі.

(1)-(2) тармақтарда көрсетілген қаржы активтері бойынша Компания бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар сомасындағы шығындарға резервін бағалайды.

Егер алдыңғы есепті кезеңде Компания бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға тең сомда қаржы құралы бойынша шығындарға бағалау резервін бағаласа, бірақ ағымдағы есепті күнгі жағдай бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы жоқ екенін анықтаса, онда ағымдағы есепті күнге Компания бағалау резервін 12 айлық күтілетін кредиттік шығындарға тең сомда бағалауы тиіс.

Компания есепті күнгі жағдай бойынша күтілетін кредиттік шығындар сомасына дейін шығындарға бағалау резервін түзету үшін қажетті соманы құнсызданудан түсетін пайда немесе залал ретінде таниды.

Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша Компания, тіпті бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар бастапқы тану кезінде есептік ақша ағындарына енгізілген күтілетін кредиттік шығындар шамасынан аз болса да, құнсызданудан болатын шығынды қалпына келтіру ретінде бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік шығындардың қолайлы өзгерістерін таниды.

Компания қаржы құралы бойынша күтілетін кредиттік шығындарды мыналарды көрсететін тәсілмен бағалайды:

- 1) ықтимал нәтижелер ауқымын бағалау арқылы анықталатын бейтарап және ықтималдықпен өлшенген сома;
- 2) ақшаның уақытша құнын;
- 3) өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар және есепті күнге қолжетімді, болжанатын болашақ экономикалық жағдайлар туралы негізделген және расталатын ақпаратты.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Күтілетін кредиттік шығындар (бұдан әрі «ККШ») (жалғасы)

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау кезінде қаралатын ең үлкен кезең – бұл (ұзартуға арналған опциондарды ескере отырып) Компания кредиттік тәуекелге ұшырағыш, шарт бойынша ең үлкен кезең.

Бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюына байланысты бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарды тану мақсатына қол жеткізу үшін топтық негізде, мысалы, қаржы құралдарының тобы немесе кіші тобы бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын көрсететін ақпаратты талдау арқылы кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын бағалау қажет болуы мүмкін. Бұл Компанияның кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы жағдайында, тіпті жекелеген құрал деңгейінде кредиттік тәуекелдің осындай едәуір ұлғаюын растау әлі қолжетімсіз болса да, бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарды тану мақсатына қол жеткізуіне кепілдік береді.

Резервтер

Егер Компанияда өткен оқиғалардың нәтижелері бойынша заңдық немесе сындарлық міндеттеме туындаса және осы міндеттемені орындау экономикалық пайданың кетуіне әкеп соғатын ықтималдық болса, резерв қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Егер мұндай мән-жайлардың әсері елеулі болып көрінсе, резервтің шамасы ақша қаражатының күтілетін болашақ ағындарын салықтарды шегергенге дейін дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып дисконттау жолымен айқындалады, бұл уақыт өткен сайын оның өзгеруін және қажет болған кезде осы міндеттемені орындауға байланысты тәуекелдерді ескере отырып, ақшаның нарықтық құнының ағымдағы бағасын көрсетеді.

Акционерлік капитал

Жай акциялар

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жай акциялар мен акцияларға опциондарды шығарумен тікелей байланысты шығындар кез келген салықтық әсерлерді шегергендегі капиталды азайту ретінде танылады.

Дивидендтер

Компанияның дивидендтерді жариялау және төлеу қабілеті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалады.

Жай акциялар бойынша дивидендтер олардың жариялануына қарай бөлінбеген пайданы пайдалану ретінде қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Салық салу

Корпоративтік табыс салығының сомасы ағымдағы корпоративтік табыс салығының сомасын және кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығының сомасын қамтиды. Корпоративтік табыс салығы өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілетін операцияларға немесе капитал шоттарында тікелей көрсетілетін меншік иелерімен жасалатын операцияларға жататын, тиісінше өзге жиынтық кіріс құрамында немесе капитал құрамында тікелей көрсетілетін сомаларды қоспағанда, пайданың немесе залалдың құрамында толық көлемде көрсетіледі.

Ағымдағы корпоративтік табыс салығы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыста болған немесе іс жүзінде қолданысқа енгізілген корпоративтік табыс салығы бойынша мөлшерлемелерді, сондай-ақ алдыңғы есепті жылдардағы корпоративтік табыс салығының сомаларын нақтылау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомасын ескере отырып, бір жылғы салық салынатын пайданың болжамды мөлшері негізге алына отырып есептеледі.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Салық салу (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері оларды қаржылық есептілікте көрсету мақсаттары үшін айқындалатын активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны мен салық базасы арасында туындайтын мезгілдік айырмаларға қатысты көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға әсер етпейтін мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде бастапқы тану кезінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты танылмайды.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің есебі Компания есепті кезеңнің соңында активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнын төлеуді немесе өтеуді жоспарлап отырған тәсілге байланысты салықтық салдарды көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің шамасы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе мәні бойынша қолданысқа енгізілген заңдарға негізделі отырып, мезгілдік айырмаларды қалпына келтіру сәтінде болашақта қолданылатын салық мөлшерлемелерін негізге ала отырып айқындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері болашақта мезгілдік айырмаларды, салықтар бойынша қабылданбаған шығыстарды және пайдаланылмаған салық жеңілдіктерін жабу үшін жеткілікті салық салынатын пайда алынатын ықтималдық шамасында көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтерінің мөлшері оған қатысты шегерілетін мезгілдік айырмаларды пайдалануға болатын салық салынатын пайданы алу ықтималдығы бар дәрежеде азайтылады.

Кірістер мен шығыстарды тану

Егер Компанияның экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болса және егер кірістердің сенімді бағалануы мүмкін болса, кірістер танылады.

Пайыздық және ұқсас кірістер мен шығыстар

Компания кредиттік-құнсызданған қаржы активтерінен басқа, амортизацияланған құны немесе ӨЖҚӨҚ бойынша бағаланатын борышқорлық қаржы құралдары бойынша пайыздық түсімді қаржы активтерінің немесе қаржылық міндеттемелердің жалпы теңгерімдік құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл дисконттау кезінде болашақ есеп айырысу ақшалай төлемдері немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе, бұл қолданылатын жерде, неғұрлым қысқа уақыт кезеңі ішіндегі түсімдер қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесінің таза теңгерімдіктік құнына дәлме-дәл келтірілетін мөлшерлеме. Есеп айырысу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын құралмен тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ болашақ кредиттік шығындар ескерілмейді. Қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің теңгерімдік құны Компания төлемдерді немесе түсімдерді бағалауды қайта қараған жағдайда түзетіледі. Түзетілген теңгерімдік құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал теңгерімдік құнның өзгеруі пайыздық түсім немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

Кредиттік-құнсызданған болатын қаржы активі жағдайында, Компания пайыздық түсімді осы қаржы активінің таза амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептейді. Егер қаржы активі бойынша дефолт жойылса және ол бұдан әрі кредиттік-құнсызданған болып табылмаса, Компания пайыздық түсімді жалпы құны негізінде есептеуге қайта оралады.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Кірістер мен шығыстарды тану (жалғасы)

Комиссиялық кірістер

Компания клиенттерге бағалы қағаздарды шығару және андеррайтинг бойынша қызметтер, брокерлік қызметтер және активтерді басқару қызметтерін көрсетуден комиссиялық кірістер алады.

Үшінші тараптың атынан операция жасау жөніндегі келіссөздерді жүргізгені немесе оған қатысқаны үшін алынған комиссиялық алымдар, мысалы, Компанияның орындау міндеті акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу не бизнесті сатып алу немесе сату кезінде келісім жасасу болған кезде, осындай операция аяқталғаннан кейін танылады. Белгілі бір орындау міндеттерімен байланысты комиссиялық алымдар (немесе комиссиялық алымдардың бөлігі) тиісті критерийлер орындалғаннан кейін танылады. Егер шарт ауыспалы өтеуді көздесе, комиссиялық кірістер ауыспалы өтеуге тән белгісіздікті кейіннен шешу кезінде түсімнің жинақтаушы қорытындысы деп танылған соманың айтарлықтай төмендеуіне әкелмейтіні жоғары ықтималдықпен ғана танылады.

Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қызметтер көрсеткені үшін алынған комиссиялық алым осы кезең ішінде орындауға тиісті міндеттердің орындалуына қарай есептеледі. Мұндай баптар комиссиялық кірістер мен активтерді басқару үшін сыйақыны, атаулы брокердің қызметтері бойынша кірістерді, жауапты сақтауды және өзге де басқару және кеңес беру қызметтерін қамтиды. Егер кредитті пайдалану ықтималдығы жоғары болса, кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер үшін комиссиялар және кредиттер беруге байланысты өзге де комиссиялар болашақ кезеңдерге жатқызылады (қосымша шығындармен қатар) және кредит бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені түзету ретінде танылады.

Шығыстар

Шығыстар Компанияға қызмет көрсетілгенде есептеу әдісі бойынша танылады.

Шетел валюталарын қайта есептеу

Қаржылық есептілік Компанияның функционалдық және ұсыну валютасы болып табылатын теңгемен ұсынылған. Шетел валютасындағы мәмілелер бастапқыда ҚРҰБ белгілеген, мәміле жасалған күнгі функционалдық валютаның нарықтық айырбастау бағамы бойынша танылады. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгілеген және есепті күні қолданыста болған ресми валюта бағамы бойынша функционалдық валютада қайта есептеледі. Шетел валютасындағы операцияларды қайта есептеу кезінде пайда мен залалдар шетел валютасындағы операциялар бойынша шығыстарды – бағамдық айырмаларды шегергендегі кірістер ретінде пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Бастапқы құны бойынша шетел валютасында көрсетілетін монетарлық емес баптар бастапқы операция күні ҚҚБ белгілеген ресми бағам бойынша қайта есептеледі. Әділ құн бойынша шетел валютасында көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күні қолданыста болған ҚҚБ-да белгіленген айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбас бағамы мен осындай операция күніндегі нарықтық бағам арасындағы айырма шетел валютасындағы операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер құрамына енгізіледі.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында нарықтық айырбас бағамы:

	2025 жылдың 31 желтоқсаны	2024 жылдың 31 желтоқсаны
АҚШ доллары	505.53	525.11
Еуро	594.44	546.47

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУЛАР

Компанияның есеп саясатын қолдану үшін басшылық өз пайымдауларын пайдаланды және қаржылық есептілікте танылған сомаларды айқындауға қатысты бағалау жасады. Төменде пайымдаулар мен бағалауларды пайдаланудың ең маңызды жағдайлары берілген:

Қаржы құралдарының әділ құны

Егер қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде айқындау мүмкін болмаса, ол математикалық үлгілерді қамтитын бағалаудың әртүрлі үлгілерін пайдалана отырып айқындалады. Мұндай үлгілер үшін бастапқы деректер, егер мүмкін болса, бақыланатын нарық негізінде айқындалады; олай болмаған жағдайда, әділ құнды айқындау үшін пайымдауды қолдану қажет.

Күтілетін кредиттік шығындар

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» стандартына сәйкес, шығындарды бағалау қаржы активтерінің барлық санаттары бойынша пайымдауды қолдануды талап етеді, атап айтқанда, ККШ айқындау және кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын бағалау кезінде болашақ ақша ағындарының пайда болу шамасы мен мерзімдерін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есептік бағалау өзгерістері құнсыздануға бағалау резервтерінің әртүрлі сомаларына әкелуі мүмкін бірқатар факторларға байланысты болады.

Компанияның ККШ есептеулері ауыспалы бастапқы деректерді таңдауға және олардың өзара тәуелділігіне қатысты бірқатар базалық жорамалдарды қамтитын күрделі үлгілердің нәтижесі болып табылады. Пайымдаулар мен есептік бағалар болып саналатын ККШ есептеу үлгілерінің элементтеріне мыналар жатады:

- Компания дефолт ықтималдығын (PD) анықтау үшін пайдаланатын ішкі кредит рейтингін беру жүйесі;
- Компания кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаю орын алды ма дегенді бағалау үшін пайдаланатын критерийлер, соның нәтижесінде қаржы активтері бойынша құнсыздануға бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде ККШ-ға тең сомада бағалануға тиіс және сапалық бағалау;
- әртүрлі формулалар мен бастапқы деректерді таңдауды қоса алғанда, ККШ есептеу үлгілерін әзірлеу;
- макроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық деректер арасындағы өзара байланыстарды анықтау, мысалы, жұмыссыздық деңгейі мен қамтамасыз ету құны, сондай-ақ дефолттың ықтималдық көрсеткіштеріне (PD), дефолт тәуекеліне ұшырағыш шамаға (EAD) және дефолт кезіндегі ысыраптар деңгейіне (LGD) әсер ету;
- болжамды макроэкономикалық сценарийлерді таңдау және оларды ККШ бағалау үлгілері үшін экономикалық бастапқы деректерді алу ықтималдығын ескере отырып өлшеу.

Салық салу

Қазақстанда негізгі салық мәселелерін реттейтін бірыңғай Салық кодексі қолданылады. Қолданыстағы салықтар қосылған құн салығын, корпоративтік табыс салығын, әлеуметтік және басқа да салықтарды қамтиды. Ведомстволар арасында да, бір ведомство ішінде де ережелерді заң тұрғысынан түсіндіруге қатысты әртүрлі пікірлер жиі кездеседі, бұл кейбір белгісіздіктер мен жанжалды жағдайларды тудырады. Салық декларациялары, сондай-ақ заңдық реттеудің басқа салалары (мысалы, кедендік және валюталық бақылау мәселелері) заң бойынша елеулі айыппұлдар, өсімпұлдар мен тұрақсыздық айыбын салуға құқығы бар бірнеше ведомстволардың бақылауында болады. Мұндай жағдай, мысалы, салық заңнамасы неғұрлым дамыған басқа елдерге қарағанда, Қазақстанда салықтық тәуекелдер ықтималдығының үлкен дәрежесін тудырады.

Басшылық Компанияның қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының салық заңнамасының ережелерін ұстанады деп санайды. Алайда, тиісті органдар даулы салық мәселелеріне қатысты өзге көзқараста болуы мүмкін деген қауіп бар.

НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Қоршаған ортаны қорғау және климат өзгеруі мәселелері

Басшылық климаттың өзгеруі және экология саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге енгізілген өзгерістердің әсері қаржылық есептілікке елеулі әсер етпейді деп ойлайды және қазіргі уақытта Компания қоршаған ортаға, халықтың денсаулығы мен қауіпсіздікке қатысты барлық қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерді сақтайды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания экологиялық талап-арыздарға ұшырамаған және климаттық мәселелерге байланысты ауыртпалық түсіретін келісімшарттарды анықтаған жоқ.

Компания өзін қоршаған ортаға ең аз жағымсыз әсер ететін объектілердің төртінші санатына жатқызады және экологиялық тәуекелдерге байланысты резервтер құрмайды.

5. ТАЗА КОМИССИЯЛЫҚ КІРІС

Мың теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
Комиссиялық кірістер		
Брокерлік операциялар	39,433	23,161
Басқалары	18	33
	39,451	23,194
Комиссиялық шығыстар		
Шоттарға қызмет көрсету	(23,665)	(18,605)
Кастодиандық қызметтер	(2,757)	(144)
ҚҚБ комиссиясы	(584)	(895)
	(27,006)	(19,644)
Таза комиссиялық кіріс	12,445	3,550

6. ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР

Мың теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтері	195,664	169,563
Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	29,954	21,531
	225,618	191,094

7. ПЕРСОНАЛҒА ШЫҒЫСТАР

Мың теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
Қызметкерлердің еңбекақысы	129,529	114,635
Еңбекақы бойынша салықтар мен аударымдар	18,045	13,773
	147,574	128,408

8. ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

Мың теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
Кәсіби қызметтер	25,863	12,787
Тозу және амортизация	12,106	11,625
Жөндеу және қызмет көрсету шығыстары	11,145	6,017
Байланыс қызметтері және ақпараттық қызметтер	6,902	15,567
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер	4,233	3,594
Басқалары	3,931	3,666
	64,180	53,256

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

9. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫС

Мың теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс	(13,345)	–
20% мөлшерлеме бойынша кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс	(109)	(7)
Корпоративтік табыс салығы бойынша барлық шығыстар	(13,454)	(7)

Бұдан әрі Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 223-бабына сәйкес 10% мөлшерлемемен және 2024 жылғы қолданыстағы 20% мөлшерлемемен мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақыны қоспағанда, 2025 жылы қолданыстағы 20% мөлшерлемемен барлық кірістер бойынша Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығы (бұдан әрі - «КТС») салынғанға дейінгі пайдаға қолданылатын КТС бойынша шығыс және 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы ағымдағы КТС бойынша шығыс арасындағы салыстыру ұсынылған:

Мың теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
Корпоративтік табыс салығына дейінгі пайда	19,112	10,127
Қолданыстағы 20% мөлшерлемеге сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығы	(3,821)	(2,025)
20% мөлшерлемемен сыйақы бойынша салық салынбайтын кірістер	25,787	33,913
Әртүрлі салық салу мөлшерлемелерін пайдалану нәтижесінде туындаған айырмалар	13,345	–
Шегерілмейтін шығыстар	(48,765)	(31,895)
10% мөлшерлемемен корпоративтік табыс салығы бойынша барлық шығыстар	(13,345)	–
20% мөлшерлемемен корпоративтік табыс салығы бойынша барлық шығыстар	(109)	(7)

2025 және 2024 жылдар ішіндегі уақыт айырмалары шамасының өзгеруі:

Мың теңгемен	2023 жылғы 31 желтоқсан- дағы қалдық	Пайданың немесе шығынның құрамында танылған	2024 жылғы 31 желтоқсан- дағы қалдық	Пайданың немесе шығынның құрамында танылған	2025 жылғы 31 желтоқсан- дағы қалдық
Пайдалану құқығы нысанындағы актив	–	16,020	16,020	(10,134)	5,886
Демалыс бойынша есептелген шығыстар	1,105	43	1,148	241	1,389
Негізгі құралдар	(7)	105	98	60	158
Басқа дебиторлық берешек бойынша резерв	–	27	27	(27)	–
Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша резерв	–	–	–	–	–
Жалдау бойынша міндеттеме	–	(406)	(406)	318	(88)
	–	(15,796)	(15,796)	9,433	6,363
Кейінге қалдырылған салық активі	1,098	(7)	1,091	(109)	982

10. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Мың теңгемен	2025 жылдың 31 желтоқсаны	2024 жылдың 31 желтоқсаны
Қаржы ұйымдарының ағымдағы шоттарындағы ақша қаражаты		
В кредиттік рейтингі бар қазақстандық банктер	4,621	3,550
«Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ	937	788
Қаржы ұйымдарының ағымдағы шоттарындағы ақша қаражатының барлығы	5,558	4,338
Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	57,031	25,019
Ақша қаражаты мен оның баламаларының барлығы	62,589	29,357

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

10. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Кредиттік рейтингтер «Standard and Poor's» рейтинг агенттігінің стандарттарына немесе басқа халықаралық рейтинг агенттіктерінің ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешекке салынған мемлекеттік бағалы қағаздардың әділ құны тиісінше 57,031 мың теңгені және 25,019 мың теңгені құрады.

Ақша қаражаты және оның баламалары құнсызданған да, мерзімі өткен де болып табылмайды.

11. ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын қаржы активтері келесі позицияларды қамтиды:

Мың теңгемен	2025 жылдың 31 желтоқсаны	2024 жылдың 31 желтоқсаны
ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық инвестициялар		
ҚРҰБ қысқа мерзімді ноталары	955,873	592,988
Облигациялар	519,609	902,189
ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық инвестициялар	1,475,482	1,495,187
ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік инвестициялар		
Бас ұйымның жай акциялары	17,306	17,306
Бас ұйымның артықшылықты акциялары	8,505	8,505
ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік инвестициялар	25,811	25,811
ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын инвестициялар жиыны	1,501,293	1,520,998

Келесі кестеде «Standard & Poor's» агенттігі берген кредиттік рейтингтер немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің осыған ұқсас стандарттары негізінде ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтерінің кредиттік сапасы туралы ақпарат берілген:

Мың теңгемен	2025 жылдың 31 желтоқсаны	2024 жылдың 31 желтоқсаны
BBB- ден BBB+ дейін кредиттік рейтингімен	1,475,482	1,495,187
ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық инвестициялар жиыны	1,475,482	1,495,187

ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында мерзімі өткен болып табылмады.

Төменде өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға қатысты жалпы теңгерімдік құнның және ККШ үшін арналған тиісті бағалау резервтерінің өзгерістеріне талдау берілген:

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	1-кезең	Жиыны
2023 жылғы 31 желтоқсандағы	1,502,343	1,502,343
Сатып алынған активтер	7,835,948	7,835,948
Өтелген активтер	(8,018,964)	(8,018,964)
Дисконт амортизациясына байланысты кірістер (6-ескертпе)	164,007	164,007
Пайыздық кірістер (6-ескертпе)	5,556	5,556
Комиссиялық алымдар	599	599
Әділ құны бойынша қайта бағалау	5,698	5,698
2024 жылғы 31 желтоқсандағы	1,495,187	1,495,187
Сатып алынған активтер	9,744,137	9,744,137
Өтелген активтер	(9,946,920)	(9,946,920)
Дисконт амортизациясына байланысты кірістер (6-ескертпе)	116,719	116,719
Пайыздық кірістер (6-ескертпе)	78,945	78,945
Комиссиялық алымдар	318	318
Әділ құны бойынша қайта бағалау	(12,904)	(12,904)
2025 жылғы 31 желтоқсандағы	1,475,483	1,475,483

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

11. ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Әділ құнды қайта бағалау ККШ бойынша бағалау резервтеріндегі өзгерістерді қамтиды. Төменде ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша ККШ бойынша тиісті бағалау резервтерінің өзгерістеріне талдау берілген:

ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	1-кезең	Жиыны
ККШ бойынша бағалау резерві		
2023 жылғы 31 желтоқсандағы	(76)	(76)
Резервті түзету	(406)	(406)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы	(482)	(482)
Резервті түзету	318	318
2025 жылғы 31 желтоқсандағы	(164)	(164)

2025 және 2024 жылдары Компанияда кезеңдер арасында қаржы активтерін аудару жүзеге асырылмады. Төменде ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздарға жалпы теңгерімдік құнның өзгерістеріне талдау берілген:

ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар	1-кезең	Жиыны
2024 жылғы 1 қаңтардағы жалпы теңгерімдік құны	25,811	25,811
Сатып алынған активтер	—	—
Өтелген активтер	—	—
2024 жылғы 31 желтоқсандағы	25,811	25,811
Сатып алынған активтер	—	—
Өтелген активтер	—	—
2025 жылғы 31 желтоқсандағы	25,811	25,811

12. КАПИТАЛ

Акционерлік капитал

2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тіркелген және айналыстағы акционерлік капитал 615,000,000 жай акциялардан, оның ішінде толық төленген 515,000,000 акциялардан тұрады. 100,000,000 жай акцияларды Акционер бір акция үшін 3 теңге номиналды құны бойынша және 415,000,000 жай акцияларды бір акция үшін 1 теңге номиналды құны бойынша сатып алды. Жай акциялар иесінің дивидендтерді олардың жариялануына қарай алуға құқығы бар, сондай-ақ бір жай акцияға бір дауыс құқығы бар.

2025 және 2024 жылдары дивидендтер жарияланбаған және төленбеген.

Басқа да резервтер

Қаржылық жағдай туралы есепте меншікті капиталдың құрамында танылған резервтерге ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдардың әділ құнын қайта бағалаудан болатын резерв кіреді. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардан ККШ резерві 164 мың теңгені (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 482 мың теңге) құрады.

Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания акционерлерінің Компания резервтерін бөлу құқығы Компанияның ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған (бухгалтерлік) есептілігінде көрсетілген, бөлінбеген пайда шамасымен немесе егер таза кірісті бөлу Компанияның төлем қабілетсіздігіне немесе дәрменсіздігіне әкеп соқпаса немесе егер Компанияның меншікті капиталының мөлшері бөлу нәтижесінде теріс болмаса, жинақталған залал жағдайында ағымдағы жылдағы таза пайда сомасымен шектеледі.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

13. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді басқару Компанияның операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі және операциялық тәуекел – Компания өз қызметін жүзеге асыру барысында ұшырайтын негізгі тәуекелдер.

Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері

Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Компания ұшырайтын тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдердің тиісті лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері нарықтық жағдайдың өзгерістерін, ұсынылатын банктік өнімдер мен қызметтерді және пайда болатын үздік іс-тәжірибені көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралып тұрады.

Компанияның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жөніндегі бақылау жүйесінің тиісінше жұмыс істеуіне, негізгі тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттар мен рәсімдерді мақұлдауға, сондай-ақ ірі мәмілелерді мақұлдауға жауапты болады.

Басқарма тәуекелдер мониторингі және оларды азайту шараларын енгізуге жауапты болады, сондай-ақ Компанияның белгіленген тәуекелдер шегінде қызметін жүзеге асыруын қадағалайды. Тәуекелдер департаменті басшысының міндеттеріне тәуекелдерді жалпы басқару және қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерді анықтау, бағалау, басқару және олар туралы есептер жасау бойынша жалпы қағидаттар мен әдістердің қолданылуын бақылауды жүзеге асыру кіреді. Ол тікелей Директорлар кеңесіне есеп береді.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе ақша қаражатының болашақ ағындарының өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістердің, нарықтық бағалар мен валюталардың айырбас бағамдары құбылмалылығы деңгейінің өзгерістерінің әсеріне ұшырағыш пайыздық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқарудың міндеті – қабылданған тәуекел үшін алынатын кірістілікті оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, нарықтық тәуекелге ұшырағыштың қолайлы параметрлер шеңберінен шықпауын басқару және бақылау.

Компания жекелеген қаржы құралдары жөніндегі портфельдің шамасына қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру мерзімдерін, валюталық позицияны, ысыраптар лимиттерін белгілеу және олардың сақталуына тұрақты мониторинг жүргізу жолымен нарықтық тәуекелді басқарады.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі – бұл сыйақының нарықтық мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе ақша қаражатының болашақ ағындарының өзгеру тәуекелі. Компания өзінің қаржылық жағдайына және ақша қаражатының ағынына сыйақының басым нарықтық мөлшерлемелері ауытқуының әсер етуіне ұшырағыш. Мұндай ауытқулар пайыздық маржа деңгейін ұлғайту мүмкін, алайда оны төмендетуі де мүмкін және сыйақы мөлшерлемелері күтпеген жерден өзгерген жағдайда залалдардың туындауына әкеледі.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

13. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Сыйақының орташа тиімді мөлшерлемелері

Келесі кестеде 2025 және 2024 жылдардағы жағдай бойынша теңгемен пайыздық активтер бойынша орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелері көрсетілген.

	2025 жыл Сыйақының орташа тиімді мөлшерлемесі теңгемен, %	2024 жыл Сыйақының орташа тиімді мөлшерлемесі теңгемен, %
Пайыздық активтер		
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	13.19	13.89
ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтері	11.90	13.11

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне ақша ағындарының сезімталдығын талдау

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі пайыздық мөлшерлемелер өзгерістері болашақтағы ақша ағындарына немесе қаржы құралдарының әділ құнына әсер ету мүмкіндігі салдарынан туындайды. Компанияның 2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелері жоқ.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне қаржы құралдары әділ құнының сезімталдығын талдау

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының өзгерістеріне 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішіндегі пайданың немесе залалдың және капиталдың сезімталдығын талдау (2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы позициялардың және кірістілік қисықтарының сыйақы мөлшерлемелерін ұлғайту немесе азайту жағына қарай 100 базистік тармаққа қатарлас жылжуының оңайлатылған сценарийінің негізінде жасалған) мынадай түрде берілуі мүмкін:

Мың теңгемен	2025 жылдың 31 желтоқсаны	2024 жылдың 31 желтоқсаны
	Пайда немесе залал/ Капитал	Пайда немесе залал/ Капитал
100 базистік тармаққа қатарлас ұлғаю	(11,804)	(12,168)
100 базистік тармаққа қатарлас азаю	11,804	12,168

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл шетел валюталарының айырбас бағамдарының өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе ақша қаражатының болашақ ағындарының өзгеру тәуекелі.

Компанияда 2025 және 2024 жылдар ішінде шетел валютасында көрсетілген активтер болды, бірақ 2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда мұндай активтер болған жоқ.

Өзге де баға тәуекелдері

Өзге де баға тәуекелдері – мұндай өзгерістер осы нақты құралға немесе оның эмитентіне тән факторлардан немесе нарықта айналыстағы барлық ұқсас қаржы құралдарына әсер ететін факторлардан туындағанына қарамастан, нарықтық бағалардың өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе ақша қаражатының болашақ ағындарының ауытқу тәуекелдері (пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі тәуекелінің немесе валюталық тәуекелдің әсер етуі нәтижесінде туындаған өзгерістерден басқа). Өзге де баға тәуекелдері Компанияның қаржы құралы бойынша ұзақ немесе қысқа позициясы болған кезде туындайды.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

13. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Өзге де баға тәуекелдері (жалғасы)

Таза пайданың немесе залалдың және капиталдың бағалы қағаздар бағамдарының өзгерістеріне сезімталдығын талдау (2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы позициялар және барлық бағалы қағаздар бағамдарының 10% төмендеуінің немесе өсуінің оңайлатылған сценарийі негізінде жасалған) келесідей ұсынылуы мүмкін:

Мың теңгемен	2025 жылдың 31 желтоқсаны		2024 жылдың 31 желтоқсаны	
	Пайда немесе залал	Капитал	Пайда немесе залал	Капитал
Бағалы қағаздар құнының 10% өсуі	–	150,129	–	152,100
Бағалы қағаздар құнының 10% төмендеуі	–	(150,129)	–	(152,100)

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл қарыз алушының немесе Компания контрагентінің міндеттемелерін орындамауы нәтижесінде туындайтын қаржылық шығындар тәуекелі. Компания кредиттік портфельді шоғырландыру лимиттерін белгілеу және сақтау жөніндегі талаптарды қоса алғанда, кредиттік тәуекелді басқару саясаты мен рәсімдерін әзірледі.

Компания басшылығы контрагенттерді таңдау кезінде мұндай шығындардың туындауын күтпейді.

Компанияның кредиттік тәуекелінің ең жоғары деңгейі, әдетте, қаржылық жағдай туралы есепте қаржы активтерінің теңгерімдік құнында көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке жатқызу мүмкіндігінің әлеуетті кредиттік тәуекелді төмендету үшін елеулі мәні жоқ.

Теңгерімдік кредиттік тәуекелдің есепті күнгі жағдай бойынша ең жоғары деңгейі келесідей ұсынылуы мүмкін:

Мың теңгемен	2025 жылдың 31 желтоқсаны	2024 жылдың 31 желтоқсаны
АКТИВТЕР		
ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері (11-ескертпе)	1,475,482	1,495,187
Ақша қаражаты және оның баламалары (10-ескертпе)	62,589	29,357
Алынатын комиссиялық сыйақы	1,624	3,131
Өзге қаржы активтері	11,445	10,792
Кредиттік тәуекелге ұшырағыштың барлық ең жоғары деңгейі	1,551,140	1,538,467

Компания тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алғандағы мәнін пайдалана отырып дисконтталатын ақша қаражатының күтілетін толық алынбауын бағалау үшін ықтималдықты ескере отырып сараланған бірнеше сценарийлер негізінде ККШ есептейді. Ақша қаражатын толық алмау – шартқа сәйкес ұйымға тиесілі ақша ағындары және ұйым алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырма. ККШ есептеу әдісі төменде сипатталған, ал негізгі элементтер мыналар:

Дефолт ықтималдығы (PD)	Дефолт ықтималдығы берілген уақыт аралығында дефолттың басталу ықтималдығын есептік бағалауды білдіреді. Егер активті тану тоқтатылмаса және ол бұрынғысынша портфельдің бір бөлігі болып табылса, қаралып отырған кезең ішінде белгілі бір уақыт сәтінде ғана дефолт болуы мүмкін.
Дефолт тәуекеліне ұшырағыш шама (EAD)	Дефолт тәуекеліне ұшырағыш шама шартта немесе өзгеше түрде көзделген борыш пен пайыздардың негізгі сомасын төлеуді, берілген қарыздарды күтілетін өтеуді және төлемдерді кешіктіру нәтижесінде есептелген пайыздарды қоса алғанда, есепті күннен кейін осы шаманың күтілетін өзгерістерін ескере отырып, болашақта қандай да бір күнге дефолтқа ұшырағыш шаманы есептік бағалауды білдіреді.
Дефолт кезіндегі ысыраптар деңгейі (LGD)	Дефолт кезіндегі ысыраптар деңгейі белгілі бір уақыт сәтінде дефолт туындаған жағдайда туындайтын шығындарды есептік бағалауды білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алуды, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асыру нәтижесінде алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырмаға сүйене отырып есептеледі. Әдетте EAD-қа қатысты пайызбен көрсетіледі.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

13. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Құнсыздануды бағалау

Егер бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы орын алса, ККШ бойынша бағалау резерві активтің қолданылу мерзімі ішінде туындауы күтілетін кредиттік шығындар (бүкіл мерзім ішінде күтілетін шығындар немесе бүкіл мерзім ішіндегі ККШ) негізінде есептеледі, олай болмаған жағдайда бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік шығындарға тең сомада есептеледі (12 айлық ККШ). 12 айлық ККШ – бұл есепті күннен кейін 12 ай ішінде болуы мүмкін қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын ККШ-ны білдіретін бүкіл мерзім ішіндегі ККШ бөлігі.

Компания қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолт басталу тәуекелінің өзгерістерін есепке алу арқылы бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңында бағалауды жүзеге асыруға арналған саясатты әзірледі.

Өтімділік тәуекелі

2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржы активтері оның қаржылық міндеттемелерінен едәуір асып түсті және Компанияның өтімділік тәуекеліне елеулі бейімділігі болған жоқ.

Компанияның жыл соңындағы жағдай бойынша өтімділік тәуекеліне ұшырағыштығы туралы неғұрлым толық ақпарат 19-ескертпеде берілген.

Компания өз қызметіне тән тәуекелдерден қорғау мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады. Компания капиталының жеткіліктілігі өзге де әдістерден басқа, ҚРҰБ белгілеген нормативтерді пайдалана отырып бақыланады.

14. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

ҚРҰБ белгілеген қолданыстағы талаптарға сәйкес, брокерлік және дилерлік қызметті және бағалы қағаздар портфельдерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын компаниялар, міндеттемелерді шегере отырып, өтімді активтер шамасының ең төменгі капиталдың шамасына қатынасының нормативін белгілі бір ең төменгі деңгейден жоғары ұстауы тиіс. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл ең төменгі деңгей 1.00 (2024 жылғы 31 желтоқсан: 1.00) болды. 2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания капиталының жеткіліктілік нормативі заңнамалық белгіленген деңгейге сәйкес келді. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелер мен капиталдың ең төменгі міндетті деңгейін шегергендегі өтімді активтердің арақатынасы 7.68 (2024 жылғы 31 желтоқсан: 8.11) болды.

15. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Сақтандыру

Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметтерінің нарығы даму сатысында тұр, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру арқылы қорғаудың көптеген нысандары Қазақстан Республикасында әзірге қолжетімді емес. Компанияда еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бар. Сақтандыру арқылы қорғау Компания қызметкерлеріне қатысты беріледі. Компанияда Қазақстанның коммерциялық сақтандыру компанияларынан сатып алынған сақтандыру полистеріне сәйкес міндетті сақтандыру өтелімі бар.

Сот талқылаулары

Нарықта өзінің әдеттегі қызметін жүзеге асыру барысында Компания заңдық наразылықтардың алуан түрлеріне тап болады. Компания басшылығы сот талқылаулары (ондайлар болған жағдайда) нәтижесінде туындайтын Компания міндеттемелерінің түпкілікті шамасы болашақта Компания қызметі нәтижелерінің қаржылық жағдайларына елеулі теріс әсер етпейді деп ойлайды.

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

15. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Шартты салық міндеттемелері

Салыстырмалы түрде жаңа бола отырып, Қазақстан Республикасының салық жүйесі заң нормаларының, ресми түсініктемелердің және сот шешімдерінің көбінесе анық баяндалмаған және қарама-қайшы келетін жиі өзгеруімен сипатталады, бұл олардың түрлі салық органдарының бір мәнді емес түсіндірілуіне жол береді. Салықтар бойынша есеп айырысулардың дұрыстығы ірі айыппұлдар мен пайыздық төлемдер салуға құқығы бар реттеуші органдар тарапынан тексеруге жатады. Есепті кезеңде салықтардың дұрыс есептелуі келесі күнтізбелік бес жыл ішінде тексерілуі мүмкін; алайда белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін. Қазақстан Республикасының салық органдары салық заңдарын түсіндіру және қолдану кезінде қатаң ұстанымда болады.

Бұл жағдайлар Қазақстан Республикасында басқа елдерде осыған ұқсас тәуекелдерден едәуір асатын салық тәуекелдерін тудырады. Басшылықтың пікірінше, салық міндеттемелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасын басшылықтың түсіндіруіне, нормативтік құжаттар мен сот органдарының шешімдеріне ресми түсініктемелерге сүйене отырып, осы қаржылық есептілікте толық көрініс тапты. Алайда, салық заңдарын әртүрлі реттеуші органдардың түсіндіруі басшылықтың пікірінен өзгеше болуы мүмкін фактісін назарға ала отырып, реттеуші органдар тарапынан ықпал етудің мәжбүрлеу шаралары қолданылған жағдайда олардың осы қаржылық есептілікке әсері елеулі болуы мүмкін.

Брокерлік-дилерлік қызметтер және сенімгерлік басқару қызметтері

Компания брокерлік-дилерлік қызметтерді және клиенттердің тапсырмасы бойынша бағалы қағаздарды сақтауды қамтамасыз ете отырып және көрсетілген қызметтер үшін комиссиялық сыйақы ала отырып, өз клиенттеріне сенімгерлік басқару қызметтерін көрсетеді. Бұл активтер Компанияның активтері болып табылмайды және оның қаржылық жағдайы туралы есебінде танылмайды.

2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның сенімгерлік басқаруында активтері жоқ.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания клиенттердің өкімі бойынша бағалы қағаздарды сатып алуға және сатуға алынған 4,115,494 мың теңге мөлшеріндегі (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 1,236,506 мың теңге) клиенттердің қаражатын жеке банктік шоттарда ұстап тұрды. Бұл қаражат Компанияның активтері ретінде танылмайды, өйткені Компания оларды клиенттердің атынан ұстап тұрады және оларды бақылау жүзеге асырмайды.

Қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі мәселелері

Басшылық климаттың өзгеруі және экология саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістердің әсері қаржылық есептілікке елеулі әсер етпейді деп ойлайды және қазіргі уақытта Компания қоршаған ортаға, халықтың денсаулығы мен қауіпсіздікке қатысты барлық қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерді сақтайды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания экологиялық талап-арыздарға ұшырамады және климаттық мәселелерге байланысты ауыртпалық түсіретін келісімшарттарды анықтамады.

16. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелерімен және негізгі басшы қызметкерлермен операциялар

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін «Қызметкерлерге сыйақылар» (7-ескертпе) бабына енгізілген төрт негізгі басшы қызметкерге сыйақылардың жалпы мөлшері келесідей ұсынылуы мүмкін:

Мың теңгемен	2025 жылдың 31 желтоқсаны	2024 жылдың 31 желтоқсаны
Жалақы және өзге қысқа мерзімді төлемдер	53,058	45,791
Жалақы бойынша салықтар мен аударымдар	6,973	4,578
	60,031	50,368

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

16. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Басқа да байланысты тараптармен операциялар

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттар бойынша қалдықтар, сондай-ақ 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе залал келесіні құрады:

Мың теңгемен	Бас ұйым	Акционерлер және Бас ұйыммен байланысты тұлғалар бақылайтын өзге де ұйымдар	Барлығы
Қаржылық жағдай туралы есеп			
Активтер			
Ақша қаражаты және оның баламалары	4,621	—	4,621
ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын қаржы активтері	25,811	—	25,811
Пайда немесе залал туралы есеп			
Кірістер	—	—	—
Комиссиялық кірістер	—	24,503	24,503

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттар бойынша қалдықтар, сондай-ақ 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе залал келесіні құрады:

Мың теңгемен	Бас ұйым	Акционерлер және Бас ұйыммен байланысты тұлғалар бақылайтын өзге де ұйымдар	Барлығы
Қаржылық жағдай туралы есеп			
Активтер			
Ақша қаражаты және оның баламалары	3,550	—	3,550
ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын қаржы активтері	25,811	—	25,811
Алынатын комиссиялық алымдар	—	1,665	1,665
Пайда немесе залал туралы есеп			
Кірістер	—	—	—
Комиссиялық кірістер	—	18,360	18,360

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

17. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Сату үшін қолда бар қаржы активтерінің есептік әділ құны мәмілелер бойынша шығындарды шегермей, есепті күнгі бағаланатын нарықтық бағаларға негізделген.

Барлық активтер мен міндеттемелердің есептік әділ құны есепті күнгі жағдай бойынша ұқсас құралдар үшін болашақ есептік ақша ағындары мен дисконттау мөлшерлемелерінің негізінде дисконтталған ақша ағындары әдісін пайдалана отырып айқындалады.

Бұдан әрі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн иерархиясы деңгейлерінің бөлінісінде әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы құралдарының әділ құнын талдау берілген.

Мың теңгемен	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Барлығы
ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтері	1,475,482	25,811	–	1,501,293
	1,475,482	25,811	–	1,501,293

Бұдан әрі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн иерархиясы деңгейлерінің бөлінісінде әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдарының әділ құнын талдау берілген.

Мың теңгемен	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Барлығы
ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтері	1,495,187	25,811	–	1,520,998
	1,495,187	25,811	–	1,520,998

2025 және 2024 жылдар ішінде Компания әділ құн иерархиясының деңгейлері арасында әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын аударған жоқ.

Келесі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржы құралдарының талдау әділ құн бағасына жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде берілген:

Мың теңгемен	Барлық әділ құны 1-деңгей	Барлық әділ құны 2-деңгей	Барлық теңгерімдік құны
Қаржы активтері			
Ақша қаражаты және оның баламалары	62,589	–	62,589
Алынатын комиссиялық сыйақы	–	1,624	1,624

Келесі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржы құралдарының талдау әділ құн бағасына жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде берілген:

Мың теңгемен	Барлық әділ құны 1-деңгей	Барлық әділ құны 2-деңгей	Барлық теңгерімдік құны
Қаржы активтері			
Ақша қаражаты және оның баламалары	29,357	–	29,357
Алынатын комиссиялық сыйақы	–	3,131	3,131

«НҮРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

18. АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ӨТЕУ МЕРЗІМДЕРІН ТАЛДАУ

Келесі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген күтілетін өтеу мерзімдері бөлінісіндегі сомаларға талдау берілген:

Мың теңгемен ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ	3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Өтеу мерзімі жоқ	Барлығы
Ақша қаражаты және оның баламалары	62,589	–	–	–	–	–	62,589
ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын қаржы активтері	1,224,809	250,673	–	–	–	25,811	1,501,293
Алынатын комиссиялық сыйақы	–	–	1,624	–	–	–	1,624
Барлық қаржы активтері	1,287,398	250,673	1,624	–	–	25,811	1,565,506
ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Жалдау бойынша міндеттеме	(2,989)	(2,989)	(5,978)	–	–	–	(11,956)
Басқа да міндеттемелер	–	(11,213)	–	(11,953)	–	–	(23,166)
Барлық қаржылық міндеттемелер	(2,989)	(14,202)	(5,978)	(11,953)	–	–	(35,122)
2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция	1,284,409	236,471	(4,354)	(11,953)	–	25,811	1,530,384
2025 жылғы 31 желтоқсанда жинақталған таза позиция		1,520,880	1,516,526	1,504,573	1,504,573	1,530,384	

Келесі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген күтілетін өтеу мерзімдері бөлінісіндегі сомаларға талдау берілген:

Мың теңгемен ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ	3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Өтеу мерзімі жоқ	Барлығы
Ақша қаражаты және оның баламалары	29,357	–	–	–	–	–	29,357
ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын қаржы активтері	592,998	–	442,106	460,083	–	25,811	1,520,998
Алынатын комиссиялық сыйақы	–	–	3,131	–	–	–	3,131
Барлық қаржы активтері	622,355	–	445,237	460,083	–	25,811	1,553,486
ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Жалдау бойынша міндеттеме	(2,357)	(2,357)	(4,716)	(11,957)	–	–	(21,387)
Басқа да міндеттемелер	–	(9,898)	–	(21,387)	–	–	(31,285)
Барлық қаржылық міндеттемелер	(2,357)	(12,255)	(4,716)	(33,344)	–	–	(52,672)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция	619,998	(12,255)	440,521	426,739	–	25,811	1,500,814
2024 жылғы 31 желтоқсанда жинақталған таза позиция		607,743	1,048,264	1,475,003	1,475,003	1,500,814	

«НҰРБАНК» АҚ-НЫҢ «MONEY EXPERTS» ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

18. АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ӨТЕУ МЕРЗІМДЕРІН ТАЛДАУ (ЖАЛҒАСЫ)

Іс жүзінде барлық қаржы құралдары тиянақталған мөлшерлемелері бар шарттарды білдіретіндіктен, көрсетілген шарттық өтеу мерзімдері шарттар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау күндерін де білдіреді.

Кестелерде көрсетілген сомалар есепті күнгі жағдай бойынша активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнын көрсетеді және сыйақының болашақ сомаларын қамтымайды. Қаржылық міндеттемелер бойынша дисконтталмаған ақша ағындары жоғарыдағы кестелерде көрсетілген сомалардан айтарлықтай ерекшеленбейді.